



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
№30 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ  
2010 жылғы 31 желтоқсан**

**Ресми қайта қаржыландыру  
ставкасы туралы**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **2011 жылғы 1 қаңтардан бастап** Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің **ресми қайта қаржыландыру ставкасын жылдық 7,0 %** деңгейінде белгілеуге шешім қабылдады.

2010 жылғы қарашада жылдық инфляция 7,7% деңгейінде қалыптасты. 2010 жылы инфляциялық үдерістердің жылдамдауы экономикадағы жиынтық сұраныстың кеңеюі, іскерлік белсенділіктің жандануы, нақты сектор кәсіпорындарының инвестициялық белсенділігінің ұлғаюы, халықтың ақшалай кірістерінің тұрақты өсуі және жұмыссыздықтың төмендеуі аясында орын алуда.

Бұл факторлардың инфляциялық үдерістердің қалыптасуына ықпалы 2011 жылы да сақталады. 2011 жылғы 1-тоқсанда жылдық инфляция 7,6-7,8%, орташа жылдық инфляция 7,3% шегінде күтіледі.

Сонымен қатар қазіргі уақытта ресми қайта қаржыландыру ставкасының көтерілуі инфляцияны қалыптастырудағы монетарлық факторлардың төмен құрамын ескере отырып экономикадағы инфляциялық аяны төмендету мәселесінде тиімді болмайды. Бұл ретте қаржы секторындағы тұрақтылықты қолдау және банк секторының кредиттік белсенділігін ынталандыру үшін қазіргі уақытта ресми қайта қаржыландыру ставкасын бұрынғы 7,0% деңгейінде сақтау барынша мақсатқа сай болып табылады.